


Мі 1С 23,8” Мониторын пайдаланушының нұсқаулығы



Бұйымды сипаттау

Қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оны сақтаңыз- ол сізге бұдан кейін де қажет болуы мүмкін.



Аксессуарлар




Қуат көзі адаптері,
1 дана



Пайдаланушы нұсқаулығы
1 дана



Кепілдік хабарлама,
1 дана



HDMI кабелі,
1 дана



Тіреу, 1 дана



L-тәрізді бұрауыш



Тіреуге арналған бұранда, 2 дана




Тұғырық, 1 дана




Тұғырыққа арналған бұранда, 1 дана

Орнату

1. Тіреуді монитордың артқы бөлігіне қойыңыз және арнайы бұрандалардың көмегімен оны орнықты бекітіңіз.



2. Тұғырыққа тіреуді жалғаңыз және бұранданы орнықты бұраңыз.



3. Көлбеу бұрышты өз қарауыңызша ретке келтіріңіз.

Алға: 5°




Артқа: 15°



Ескертпе. Көлбеу бұрышты ретке келтіру кезінде, тұғырықты бір қолмен ұстап тұрып, екінші қолмен мониторды еңкейтуді ұсынамыз. Олай етпеген жағдайда, монитор құлап кетуі мүмкін.

Нұсқаулықтар

Порттарды сипаттау



1. Қуат көзі порты

Кіру

2. HDMI порты

Нұсқасы: 1.4

Шығару құрылғысы: Компьютер, DVD-күйтабақ ойнатқысы, камера және т.б.

Сигнал форматы: 480i, 480p, 720p, 1080i, 1080p.

Максималды жаңарту жиілігі: ажыратымдылық 1080p болған кезде 60Гц

3. VGA порты:

Шығару құрылғысы: Компьютер, DVD-күйтабақ ойнатқысы және т.б.

Максималды жаңарту жиілігі: ажыратымдылық 1080p болған кезде 60Гц

4. Қауіпсіздік слоты:


өлшемі 3x7 мм құлпы бар кәбілге сәйкес келеді (жиынтыққа тұғырық кірмейді, жеке сатылады).

Ескертпе. Егер қуат көзі адаптері немесе HDMI кәбілі зақымдалған болса, оны өңдірушіден немесе сатқаннан кейінгі қызмет көрсету бөлімінде сатып алынған бірегей адаптермен немесе HDMI кәбілімен ауыстыру қажет.

Нұсқаулықтар

Батырмаларды сипаттау

5-позициялы навигациялау батырмасы



Қосу және өшіру

5-позициялы навигациялау батырмасының ортасына басыңыз.



Мониторды қосу

2 секунд ішінде 5-позициялы навигациялау батырмасының ортасына басып, ұстап тұрыңыз.



Мониторды қосу

Индикатор күйі



Бәсең жарқылдау Өшіру






Жарқылдау Қосу



Жыпылықтау Ұйқы режимі

5-позициялы навигациялау батырмаларын қолдану бойынша нұсқаулық

Нұсқаулық	Нәтиже	
	Мониторда мәзір бейнеленбейді	Мониторда мәзір бейнеленеді
Оңға басыңыз 	Мәзірді шақыру	Мәзір/таңдау бөлімдері арасында ауыстырып-қосу
Жоғары немесе төмен басыңыз 		Мәзір немесе шағын мәзір арасында ауыстырып-қосу/мәндерді ретке келтіру
Солға басыңыз 		Қайтару

Нұсқаулық

Мәзірді сипаттау

MI Monitor	
☼ Ашықтық	80 
⓪ Кереғарлық	
🌡 Түстік температура	
📺 Интеллектуалдық режимдер	
📺 Кіру	
🔊 Баптау	
↻ Қайтару ⏸ Енгізу/Таңдау ↻ Ауыстыру/Реттеу	

Бас мәзір	Шағын мәзір	Сипаты	Баптау ауқымы	Әдепкі қалпы бойынша
Ашықтығы	0-100	Ашықтықты баптау	0-100	80
Кереғарлығы	Реттек	Кереғарлықты реттеу	0-100	75
	DCR	Динамикалық кереғарлық функциясы	Қосу/Өшіру	Өшіру
Түстік температура	Стандартты	Стандартты түстік температураны орнату	Кез келген сәтте тек бір түстік температура таңдап алынуы мүмкін	Стандартты
	Суық	Суық түстік температураны орнату		
	Жылы	Жылы түстік температураны орнату		
	Пайдаланушылық	Қолмен RGB түстік температурасын орнату		
Интеллектуалдық режимдер	Стандартты режим	Стандартты режимге ауысу	Кез келген сәтте тек бір режим таңдап алынуы мүмкін	Стандартты режим
	Қуат үнемдеуші режим	Қуат үнемдеу режиміне ауысу		
	Ойын режимі	Ойын режиміне ауысу		
	Кино режимі Low Blue Light режимі	Кино режиміне ауысу Low Blue Light режиміне ауысу		
Кіру	VGA	VGA сигнал көзін таңдау	Кез келген сәтте тек бір сигнал көзі таңдалуы тиіс	/
	HDMI	HDMI сигнал көзін таңдау		
Баптау	Тіл	Мәзір тілін таңдау	English/Espanol/Русский/ Francais/Italiano/Deutsch/ Polski/	English
	Overdrive	Монитордың жауап қату уақытын қысқарту	Өшіру/1-деңгей/2-деңгей/3-деңгей	Өшіру
	Суретті автоматты баптау	VGA сигнал көзін қолданған кезде суретті автоматты баптау	/	/
	Түсті автоматты баптау	VGA сигнал көзін қолданған кезде түсті автоматты баптау	/	/
	Ақпарат	Монитор туралы ақпаратты бейнелеу	/	/
	Арылту	Монитордың зауыттық баптауларын қалпына келтіру	ОК/болдырмау	болдырмау

Сақтық шаралары

- Мониторды дымқыл немесе ылғал жерлерде қолданбаңыз, атап айтқанда мысалы жуынатын бөлмеде, ас үйде, жертөледе немесе хауыздың қасында.
- Мониторды орнықты бетке қойған жөн. Монитордың құлауы немесе аударылуы зақымдануға және жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- Мониторды салқын, құрғақ әрі жақсы желдетілген бөлмеде сақтаңыз және қолданыңыз. Мониторды сәуле шығару және жылу көздерінің әсерінен сақтаңыз. Монитордың сырт жағындағы жылу шығаратын тесікті бүркемеңіз және жаппаңыз.
- Мониторды керуетке, диванға, көрпеге және т.б. қоймаңыз.
- Монитордың жұмыс кернеуінің ауқымы оның сырт жағындағы затбелгісінде көрсетілген. Егер сіз, сіздің қуат беру көзіңізде қандай кернеу екеніне сенімсіз болсаңыз, құрылғы дистрибьюторына немесе жергілікті энергетикалық компанияға хабарласыңыз.
- Егер сіз мониторды ұзақ мерзім бойына қолдануды жоспарламасаңыз, кернеудің секіруін немесе найзағай соғудан болатын ықтимал зақымдануды болдырмау үшін электр резеткесінен ажыратыңыз.
- Электр резеткелеріне шамадан тыс күш түсірмеңіз, себебі бұл өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- Мониторға бөтен заттар қоймаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға алып келуі мүмкін және бұл өртке не болмаса электр тогының соғуына алып келеді.
- Мониторды өз бетіңізбен жөндеуге әрекеттенбеңіз. Егер ол дұрыс жұмыс істемесе, біздің сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне көмек алу үшін хабарласыңыз.
- Қуат көзі адаптерінің баусымын шамадан тыс күшпен тартпаңыз, бұрамаңыз және бұкеңіз.
- Экранға поляризатор (қорғаныс қабық емес) желімделген. Оны шешіп алмаңыз. Пайдаланушының әрекетінен туындаған зақымданулар кепілдеменің жойылуына алып келеді.

Ақаулықтарды жою

Қиындықтар	Ықтимал себептері	Шешімі
Қосылмайды	Электр қуат беру көзінен ағытылған	<ul style="list-style-type: none">• Қуат беру көзінің адаптері дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.• 5-позициялы навигациялау батырмасының ортасына басыңыз.
Қап-қара кескін	Ашықтық немесе кереғарлық дұрыс бапталмаған	<ul style="list-style-type: none">• Ашықтық пен кереғарлықты баптаңыз
Кескін бұлдырайды немесе кедергілер бар	Кедергілер	<ul style="list-style-type: none">• Мониторды электр кедергілерің тудыратын электронды құрылғының қасына қоймаңыз.
Индикатор жанып тұр, бірақ кескін жоқ	Сигнал жоқ	<ul style="list-style-type: none">• Компьютерді қосыңыз.• Компьютердің бейне картасы тиісінше жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.• HDMI немесе VGA кәбілінің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
Монитордағы кескін: Экран жиегінен шығып тұр	Қате ажыратылыммен бейнеленеді.	<ul style="list-style-type: none">• Тиісті ұсынылған ажыратымдылық баптауын қолданыңыз.
Кескін ортасында орналаспаған немесе VGA сигналын қолданған кезде экран жақтауынан шығады.	Кескін ретке келтірілмеген.	<ul style="list-style-type: none">• Мәзірде «Кескінді автоматты баптау» бөлімін таңдаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	RMMNT238NF
Кіру	12В---2А
Номиналды қуаты	24Вт (макс)
Экран диагоналы	23,8 дюйм
Кескіннің нақты өлшемі (диагоналы бойынша)	60,5см
Пиксель қадамы	0,275x0,275мм
Ашықтығы	250 қд/м ² (тип)
Кереғарлығы	1000:1 (тип.)
Түстік гаммасы	16,7М
Жақтарының ара қатынасы	16:9
Жауап қату уақыты	6мс (GTG)
Максималды ажыратымдылығы	1920x1080
Ұсынылған ажыратымдылығы	1920x1080
Бұйымның өлшемдері	539,2x181,2x419,5мм (ҰхЕхБ)
Таза салмағы	2,7кг
Жұмыс температурасы	0°С-тен 40°С дейін
Жұмыс ылғалдылығы	Қатыстық ылғалдылығы 20-90%
Атмосфералық қысымы	86-106кПа
Сақтау температурасы	0°С-тен 40°С дейін
Сақтау кезіндегі ылғалдылығы	Қатыстық ылғалдылығы 20-90%

EAC

HDMI[™]

HIGH-DEFINITION MULTIMEDIA INTERFACE

Айнымалы токтың сыртқы адаптерінің техникалық сипаттамалары

Үлгі сәйкестендіргіші	BLJ24W120200P-V
Кіріс кернеуі	100-240В (айн.ток)
Кіру кезіндегі айнымалы ток жиілігі	50/60 Гц, 0,6Ф
Шығыс кернеуі	12,0 В (тұрақты ток)
Шығыс тогы	2,0А
Шығыс қуаты	24,0Вт
Белсенді күйдегі орташа ҚТК	86,20%
Төменгі жүктеме кезіндегі ҚТК (10%)	76,80%
Жүктемесіз тұтынылатын қуат	0,1Вт
Өндіруші	ZhongshanBaolijin Electronic Co.,Ltd.

Талаптарға сәйкестік туралы ақпараттар

Электр және электронды жабдық қалдықтарын кәдеге жарату және қайта өңдеу туралы ақпараттар



Қолданылған электр және электронды жабдықтардың бөлшек жинау таңбасымен белгіленген барлық бұйымдарды (WEEE, 2012/19/EU директивасы), сұрыпталмайтын тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жарату қажет. Денсаулықты қорғау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында осындай жабдықтарды үкіметпен немесе жергілікті билік органдарымен белгіленген электр және электронды жабдықтарды қабылдайтын арнайы бөлімдерге қайта өңдеуге тапсыру қажет. Дұрыс кәдеге жарату және қайта өңдеу қоршаған орта мен адам денсаулығы үшін ықтимал жағымсыз салдарды болдырмауға көмектеседі. Осындай жинау бөлімдерінің қайда екенін және олардың қалай жұмыс істейтінін білу үшін, жабдықтарды орнатумен айналысатын компанияға немесе жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

ЕО нормативтік талаптарына сәйкестік туралы декларация



Өндіруші, осымен аталған жабдықтың қолданыстағы барлық директиваларға және еуропалық нормаларға, сонымен қатар оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО нормативтік талаптарына сәйкестік туралы декларацияның толық мәтіні келесі мекенжай бойынша қолжетімді:

[http:// www. mi.com/global/service/support/declaration.html](http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html)

Сау көз

Компьютерді ұзақ уақыт бойына қолдану салдарынан болатын көздің шаршауын, сонымен қатар мойын, қол, шынтақ және иықтағы ауырсынуды болдырмау үшін, төменде келтірілген ұсыныстарды басшылыққа алыңыз:

- Көз бен монитор арасында шамамен 50-70см ара қашықтықты сақтаңыз.
- Мониторды қолданған кезде шаршағанды кетіру үшін көзді жиі жыпылықтатыңыз.
- Мониторды қолданған әр екі сағат сайын көзді 20 минуттай демалдырыңыз.
- Монитордан көзіңізді алып, белгілі ара қашықтықта орналасқан басқа заттарға 20 секундтай қараңыз.
- Мойын, қол, арқа және иықтағы ширығуды басу үшін, керіліп-созылыңыз.

Low Blue Light режимін сипаттау

Соңғы жылдары көзге көк жарықтың жағымсыз әсер ету мәселесі барынша көп назар аудартып отыр. Әдетте, көк жарық толқынының ұзындығы 400-480нм, ал ол 415-455нм ұзындықта зиян келтіруі мүмкін. Бұл монитор көк жарықтың зиянды әсерін азайтатын функциямен жарақталған. Сіз баптаулар мәзіріндегі көк жарықтың (Low Blue Light) төменгі мазмұн режимін қоса аласыз.

Xiaomi 23.8" Mi Desktop Monitor 1 C мониторы

Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша

Үлгісі: BMMNT238NF

Құрылғының қолданылуы

Монитор дербес компьютердегі ақпараттарды көзбен шолу үшін арналған.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары пайдаланушы нұсқаулығының «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының ауа температурасы 5°C-тен 40°C дейінгі және қатыстық ауа ылғалдылығы 80% аспайтын жылытылған үй-жайларында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттану тудыратын жемір қоспалар (булар, қышқылдар, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес бұдан әрі қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электронды жабдықтар тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жарату үшін тапсыруға жатқызылады. Аталған өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына келтірілетін зиянды болдырмайсыз, ол тиісінше қарамаған жағдайда орын алуы ықтимал. Аталған өнімді қабылдау және кәдеге жарату пунктері туралы анағұрлым толық ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорындардан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Сяоми Коммьюникейшнз Ко., Лтд.

019, 9-қабат, 6-ғимарат, Си'эрци Орталық өткелі, Хайдянь ауданы, Пекин, Қытай.

Өндіруші зауыт: Шэньчжэнь Эм-Ти-Си Ко., Лтд.

Эм-Ти-Си өнеркәсіп саябағы, Илиан 1-ші шоссесі, Сялилан коммьюнити, Наньвань көш., Лунган ауданы, Шэньчжэнь ө., Гуандун пров., Қытай.

Өндірушімен уәкілетті тұлға: «Рустон» ЖШҚ

143441, Ресей, Мәскеу облысы, Красногорск ауданы, Путилково пошталық бөлімшесі, 69км., МКАД, 17-құрылыс.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

TM: Mi

Тауар Кеден одағының техникалық реттемесіне КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік сәйкестігі» талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық реттеме ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиотехника бұйымдарындағы қауіпті заттарды қолданудағы шектеулер туралы» талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі мен оның сипаттамасы, сапасын жақсарту мақсатында алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзім бойына құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сонымен қатар материалдар мн құрастыруда ақаулықтардың жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік кезең бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана таратылады. Кепілдік қызмет көрсетуге, пайдаланушымен бұйым нұсқаулыққа сәйкес қолданылған жағдайда, кепілдік мерзім ішінде тұтынушының кінәсінен істен шыққан элементтері тегін жөндеуге немесе ауыстыруға жатқызылады. Элементтерін жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталығы аймағында жүргізіледі.

Кепілдемелік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 60 ай.

Сервис орталығының өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша берілген:

[http:// www. mi.com/global/service/support/declaration.html](http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html)

Жасалған күні қаптамада көрсетілген.



Xiaomi 23.8” Mi Desktop Monitor 1 C мониторына арналған қуат көзінің адаптері

Пайдаланушы нұсқаулығына қосымша

Үлгісі: BLJ24W120200P-V

Құрылғының қолданылуы

Қуат көзінің адаптері Xiaomi 23.8 Mi Desktop Monitor 1C мониторын айнамалы ток көзінен қуаттандыру үшін арналған.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының ауа температурасы 5 °C-тен 40 °C дейінгі және қатыстық ауа ылғалдылығы 80 % аспайтын жылытылған үй-жайларында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын жемір қоспалар (булар, қышқылдар, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыппен қарауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Ақаулығы анықталған кезде, тез арада авторландырылған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес бұдан әрі қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электронды жабдықтар тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жарату үшін тапсыруға жатқызылады. Аталған өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына келтірілетін зиянды болдырмайсыз, ол тиісінше қарамаған жағдайда болуы ықтимал. Аталған өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы анағұрлым толық ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорындардан алуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжуншань Баолицзинь Электроник Ко., Лтд.

Баолинзинь өнеркәсіп саябағы, Цзиньфэн шоссесі, №6-өнеркәсіп аймағы, Наньлан, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық реттеме талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік сәйкестігі туралы»

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «ЭКСАОТЕСТ» ЖШҚ

214000, Ресей, Смоленск облысы, Смоленск қаласы, Маршал Жуков көшесі, 9-үй, 4-кеңсе.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық реттеме ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиотехника бұйымдарындағы қауіпті заттарды қолданудағы шектеулер туралы» ТР талаптарына сәйкес келеді.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «Эра» ЖШҚ.

Ресей Федерациясы, Мәскеу, 127349, Шенкурский өткелі, 35-үй, 101-кеңсе.

Бұйымның сыртқы түрі мен оның сипаттамасы, сапасын жақсарту мақсатында алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзім ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сонымен қатар материалдар мн құрастыруда ақаулықтардың жоқ екеніне кепілдік береді. Кепілдік кезең бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана таратылады. Кепілдік қызмет көрсетуге, пайдаланушымен бұйым нұсқаулыққа сәйкес қолданылған жағайда, кепілдік мерзім ішінде тұтынушының кінәсінен істен шыққан элементтері тегін жөндеуге немесе ауыстыруға жатқызылады. Элементтерін жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталығы аймағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 36 ай.

Пайдалану мерзімі: 60 ай.

Сервис орталығының өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша берілген:

[http:// www. mi.com/global/service/support/declaration.html](http://www.mi.com/global/service/support/declaration.html)



Жасалған күні қаптамада көрсетілген.